

# ҰЛТ БОЛМЫСЫ

Республикалық патриоттық, әдеби-танымдық журнал

№ 3 (68)

НАУРЫЗ 2019



Әбдіжәміл  
НҰРПЕЙІСОВ:  
"ҚАЗАҚТЫҢ  
ЧЕХОВЫ"  
4-БЕТ

Қали СӘРСЕНБАЙ:  
"ЖАЗУШЫНЫҢ  
ЖҮРЕГІ"  
16-БЕТ

Рахымжан  
ОТАРБАЕВ:  
"БАС" романы  
72-БЕТ

Сүлеймен  
ШАТҒАН:  
"БҰЛТСЫЗ КҮНГІ  
НАЙЗАҒАЙ"  
12-БЕТ

**Рахымжан ОТАРБАЕВ:**

**«Сіздермен қанаттас өмір  
сүргеніме бақыттымын»**



Әбдікәміл НҰРПЕЙІСОВ,

*Халық жазушысы,*

# ҚАЗАҚТЫҢ ЧЕХОВЫ

Қазақтың көрнекті жазушысы, Халықаралық бейбітшілік қоры алтын медалінің иегері Рахымжан Отарбаевтың шығармашылығы Ресей оқырмандарына етене таныс. Атақты «Роман-газета» журналы жақында (22-саны) қаламгер туындыларына бір санын тұтастай арнаған. Оған жазушының «Шыңғыс ханның көз жасы» повесі мен он алты әңгімесі енген.

Қазақ әдебиетінің мерейін өсіріп жүрген жазушыға құтты болсын айтамыз.

Мен бүгін іні-досым, жазушы Рахымжан Отарбаев туралы көптен бері көңілімде жүрген ойымды қысқаша ғана білдіргім келіп отыр. Халқымызда «әр пайғамбар өз тұсында» деген аталы сөз бар. Ол сірә, әр заманның, әр қоғамның өз тұсындағы өмір салты, үрдіс-дәстүрі, тіпті, әрі-бері ден соң тура тіршілік әрекетіне қарай айтылған сөз болар. Міне, сол әртүрлі қоғам, әрқилы заман көрінісін, адам өмірінің небір қым-қиғаш, шым-шытырық тағдырын көрсететін құдіреттей күш — ол көркем сөз, көркем әдебиет. Сол әдебиеттің ең бір парасатты, ең бір елгезек ұшқыр жанры — әңгіме екенін де білесіздер. Қай халықтың да «әп» дегенде ауызға алынар ең ірі романист, эпик жазушыларының көпшілігі, оның ішінде кеше ғана дүниеден өткен қос дана — жазушы Мұхтар Әуезов пен Ғабит Мүсірепов те жазушылығын әңгімеден бастаған. Орыстың әлемге әйгілі жазушысы Чеховтың ұлылығы басқа шығармаларынан бұрын алдымен осы елгезек, ұшқыр жанр — әңгімелерімен ауызға ілігетіні белгілі. Ал, қазақтың арғы-бергі ғұмыр-тіршілігін осы ұшқыр әңгіме жанрының атасы Бейімбет Майлиннен артық ешкім де суреттей алған емес.

Әлгіңде Чехов дедім ғой. Сол Чеховтың «Тоска» деген, небәрі үш-төрт беттен тұратын қыпқысқа әңгімесінде арбакеш шал әңгіме болады. Осының алдында ғана жалғыз баласы өлген. Осынау дүниеде көкірегін өртеп бара жатқан қайғы-қасіретін айтып, мұңын шағатын тірі жан болмағасын қайтсін, күні бойы кісі тасып көкпен жауған қар астында мүлгіп тұрған дәл өзіндей кәрі атына мұңын шағады. Міне, бар әңгіме кәрі шалдың кәрі атқа шаққан мұңында. Осынау адыра қалғыр жалған дүниеге деген реніші мен

жүрегін өртеген шері... Осы күйттай әңгімеге бір сәт, бір ғана сәт ойланып қараңыздаршы. Осында бүкіл жер бетіндегі адам-пендеге ортақ тағдыр бар емес пе? Міне, әңгіме жанрының бүкіл құдірет күшін осыдан-ақ байқауға болады. Чеховтың осы кіп-кішкентай әңгімесіне бүкіл адам тағдыры сыйып тұр және соның бәрі қазаққа да, орысқа да, ағылшынға да, қытайға да, қаласа тіпті африкалықтарға да, бәрі-бәріне де ортақ, бәріне түсінікті. Сондықтан да, сен жан-тәніңмен қабыл алып, жүрегіңмен түсініп, әлгі арбакеш жетім шалмен бірге өзің де қосыла тебіренесің, өзің де, қосыла күңіренесің.

Мен, өз басым Рахымжанды бүгінгі, яки ХХІ ғасырдағы қазақтың Чеховы дер едім. Рахымжан өте шебер, өте ойлы және жаны сұлу жазушы. Ол ең алдымен әрі ұшқыр, әрі асқан шеберлікті, парасатты суреткерлікті талап ететін әңгіме жанрының асқан ұстасы. Рахымжанның маған ұнайтын тағы бір қасиеті — ол сондай қарымды да дарынды қаламгер бола тұра кейбіреулерше кеудеге ұрып мен мұңдалап, өкіректеп, өзін жарнамалап жария қылудан аулақтығы. Айтса адалына жығылатын жаны нәзік, сезімі сұлу қарапайымдылығы.

Иә, жазушы адам қайда жүріп, қайда тұрса да, не жазса да өзінің әр қимыл-харекеті арқылы ең әуелі өз халқының, өз ұлтының мұң-мұқтажын, қайғысы мен қуанышын, жетістігі мен кемшілігін, қысқасы, өз ұлтының сөзін сөйлеуі керек. Рахымжанды мен дәл сондай жазушы деп білемін. Ол қазақтың ұлттық рухы бар жаңа әдебиетінің ең алдыңғы қатарында тұрған жазушы дер едім. Ал, ендігі кезек осындай ойы терең, парық-парасаты биік Рахымжандай қаламгерін халқы, елі қалай қадірлей білетініне байланысты.